

**А.Қ. ҚҰСАЙЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ЕУАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**

**ЕУАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНДА
ОҚЫТУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ОҚУ
ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

АСТАНА

1. Негізгі ережелер

1. Қағидалар Еуразия гуманитарлық институтында (бұдан әрі – Институт) оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру мәселелерін реттейді.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген, 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығымен, 2022 жылғы 23 қыркүйекте № 79 бұйрығымен өзгертулер енгізілген Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелеріне сәйкес әзірленді.

3. Ұлттық білім берудің оқу бағдарламаларын халықаралық тану, білім беру ұйымдарының білім алушылары мен оқытушыларының ұтқырлығын қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру сапасын арттыру және білім берудің барлық деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдарында бірыңғай кредиттік оқыту технологиясы іске асырылады.

4. Оқытудың кредиттік технологиясы білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы, білім алушының пәндерді таңдауы және реттілікпен оқуын өз бетінше жоспарлауы негізінде жүзеге асырылады.

5. Оқытудың кредиттік технологиясы кезінде оқу жұмысының еңбек сыйымдылығының есебі кредит арқылы өлшенетін оқытылатын материалдың көлемі бойынша жүзеге асырылады.

6. Оқытудың кредиттік технологиясы білім берудің барлық деңгейлері бойынша бұрын меңгерілген кредиттердің өспелі есебін білдіретін жинақтаушы болып табылады.

7. Институтта оқытудың кредиттік жүйесін енгізудің негізгі мақсаты:

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломды халықаралық тану;
- ЖОО-ның білім алушылары мен оқытушыларының ұтырлығын қамтамасыз ету;
- оқыту сапасын жақсарту;
- барлық деңгейде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім берудегі сабақтастықты қамтамасыз ету;
- ЖОО-ның соңғы мақсатқа жетудегі уәжін нығайту - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практикадағы жетістіктер негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби жетілдіруге бағытталған сапалы біліммен қамтамасыз ету;
- жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің сұраныстарына сай білімді бағалаудың ұлттық жүйесін енгізу және іске асыру;
- оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану.

Оқытудың кредиттік технологиясы оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқытудың жеке траекториясын студенттердің таңдауы және тәуелсіз жоспарлауы негізінде жүзеге асырылады.

2. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар

Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) **академиялық еркіндік** – білім беру үрдісінің субъектілеріне оларды таңдау бойынша жиынтық пәндерден, оқытудың қосымша түрлерінен білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы;

2) **академиялық кезең (term)** – үш нысанның біреуін таңдайтын өз білім беру ұйымының еркімен белгіленетін теоретикалық кезең: семестр, триместр, тоқсан;

3) **академиялық күнтізбе (academic calendar)** – оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі;

4) **академиялық мобильділік (ұтқырлық)** – білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге: семестр немесе оқу жылына өзге жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) игерген білім бағдарламаларын міндетті түрде кредит түрінде сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖОО-сында немесе өзге ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру;

5) **академиялық сағат** – кесте бойынша оқу сабақтардың (аудиториялық жұмыс) барлық түрлері немесе жеке бекітілген графика бойынша білім алушылардың оқытушымен байланыс жұмысының уақыты;

6) **белсенді үлестірілген материалдар (БҮМ) (Hand-outs) (ханд-оутс)** – білім алушының тақырыпты шығармашылықпен табысты меңгеру үшін оқу сабақтарында таратылатын көрнекі безендірілген материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар);

7) **білім алушыларды аралық аттестаттау** – білім алушының емтихан сессиясы кезеңінде бір пәннің толық көлемін немесе бір бөлігінің мазмұнын аяқтап болғаннан кейін оның игеру сапасын бағалау мақсатында өткізілетін рәсім;

8) **білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination)** – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында қарастырылған оқу пәндерінің игеру дәрежесін немесе көлемін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім;

9) **білім алушылардың оқудағы жетістігі** – білім алушылардың оқу үдерісінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері мен дағдылары, құзыреті;

10) **білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылау** – жоғары оқу орындары дербес анықтайтын бақылау мен аттестаттаудың әртүрлі нысандары арқылы (ағымдық, межелік, қорытынды) білім алушылардың білім деңгейін тексеру;

11) **білім алушылардың өзіндік жұмыстары** (бұдан әрі – БӨЖ) – өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын тақырыптардың нақты тізбесі бойынша жасалатын жұмыс; білім алушының санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - СӨЖ); БӨЖ-дің барлық көлемі білім алушылардан күнсайын өзіндік жұмыстарды талап ететін тапсырмалармен расталады;

12) **білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау** – академиялық кезең ішінде, оқытушымен өткізілетін аудиториялық және аудиториялардан тыс сабақтарда білім алушылардың білімін оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде тексеру;

13) **білім алушының академиялық рейтингі** – аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жасалатын білім алушының оқу бағдарлама пәнін игеру деңгейінің сандық көрсеткіші;

14) **білім беру бағдарламаларын модульдік негізде құрастыру** – білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылымын оқытудың мақсатына сай білім алушының кәсіби құзыреттілігінің жиынтығы болатын оқу үдерісін ұйымдастыру тұжырымдамасы негізінде кәсіптік оқыту мақсатына қол жеткізу құралы;

15) **Еуропалық трансферт (аударым) және несиелік жинақтау жүйесі (ECTS)** – білім беру траекториясы, оқу орны және оқыту елі ауысқан жағдайда білім алушылардың игерген оқу пәндерін (кредит мен бағаларын қоса алғанда) салыстыру және қайта сынақтан өткізуде пайдаланылатын білім беру бағдарламалары компоненттеріне сынақ бірліктерін (несие) белгілеу әдісі;

16) **жеке оқу жоспары** – білім алушының білім беру бағдарламасы (типтік және жұмыс оқу жоспары негізінде КБҮҚ-ты ұйымдастыру) және элективті пәндердің каталогы немесе модуль негізінде эдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына дербес жасалатын оқу жоспары;

17) **академиялық кредит** – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысы көлемін (жүктеме) өлшейтін сәйкестендірілген бірлігі;

18) **оқытудың кредиттік технологиясы** – білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы, білім алушының пәндерді таңдауы және реттілікпен оқуын дербес жоспарлауы негізінде оқыту;

19) **қорытынды бақылау** – емтихан түріндегі аралық аттестаттау кезеңінде жүргізілген оқу пәні бағдарламасын бағалау сапасының мақсатын игеру, білім алушылардың оқудағы жетістігін бақылау; егер бірнеше академиялық кезендер барысында пәндер оқытылатын болса, онда оқытылған нақты академиялық кезеңде, пәндерге бөлімдер бойынша, қорытынды бақылау жүргізіледі;

20) **межелік бақылау** – бір оқу пәнінің ірі бөлімін (модулін) аяқтағанда білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау;

21) **модуль** – білім алушылардың білімі, білігі, дағдысы және құзыреттілігі бағалау критерийлеріне сәйкес келетін нақты тұжырымдалған, дербес, білім беру нәтижелері тұрғысынан аяқталған білім беру бағдарламаларының құрылымдық элементі;

22) **модульдік білім беру бағдарламасы** – студенттерге белгілі бір дәреже мен / немесе біліктілік алу үшін қажетті негізгі құзыреттерді игеруге бағытталған оқу модульдерінің жиынтығын қамтитын оқу бағдарламасы;

23) **модульдік оқыту** - білім беру бағдарламаларын, оқу жоспары мен оқу пәндерін модульдік негізде құрастыратын оқу үдерісін ұйымдастыру тәсілі;

24) **оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі** – халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;

25) **оқу жұмыс жоспары** – мамандықтың ҮОЖ және білім алушының жеке оқу жоспары негізінде білім беру ұйымдары дербес әзірлейтін құжат;

26) **оқу модулі** – білім алушылардың құзыреттіліктері тұтас немесе жартылай қалыптасатын олардың нақты оқыту нәтижелерін меңгеруіне бағытталған білім беру бағдарламасының құрылымдық элементі;

27) **оқу пәніне жазылу (Enrollment) (енролмент)** – білім алушылардың оқу пәніне белгілі бір тәртіппен алдын ала жазу рәсімі;

28) **оқу үлгерімінің орташа балы (Grade Point Average - GPA)** – (ағымдық оқу кезеңі бойынша кредиттердің жалпы санына қарай аралық аттестаттау пәндерінің балдық бағасының сандық эквиваленті мен кредиттер сомасының қатынасы) білім алушының таңдаған бағдарлама бойынша бір оқу жылындағы қол жеткізген оқу үлгерімінің таразыланған орташа бағасы;

29) **оқытушының басшылығымен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОБӨЖ)** – бекітілген кесте бойынша оқытушының басшылығымен жүргізілетін білім алушының аудиториядан тыс жұмысы; білім алушының санатына қарай ол: оқытушының басшылығымен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОСӨЖ), оқытушының басшылығымен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОМӨЖ) және оқытушының басшылығымен жүргізілетін докторанттардың өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОДӨЖ) болып бөлінеді;

30) **Тіркеу бөлімі (Офис регистратор)** – білім алушылардың оқудағы жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімін бақылаудың барлық түрлерін және оның академиялық рейтингісіне есеп жасауды ұйымдастыруды қамтамасыз ететін академиялық қызмет;

31) **пәннің бағдарламасы** – оқитын пәннің сипаттамасын, мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, оның үйренуі тақырыбы мен ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, кеңес беру уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, оқытушы талаптарын, бағалау өлшемдерін қамтитын оқу бағдарламасы және әдебиеттер тізімі;

32) **пәннің сипаттамасы** – пәннің мазмұнын, мақсаттары мен

міндеттерін, қысқаша нысанды қамтитын пәннің қысқаша сипаттамасы (5-8 сөйлемнен тұрады);

33) **постреквизиттер** (Postrequisite) (постреквизит) – аталған пәнді оқыту аяқталғанда оларды зерделеу үшін меңгерілген білім, икемділіктер мен дағдыларды қажет ететін пәндер;

34) **пререквизиттер** – оқылатын пәнді игеру үшін қажетті білім, икемділіктер мен дағдыларды қамтитын пәндер;

35) **транскрипт** (Transcript) – білімді бағалаудың сандық және әріптік жүйесі бойынша кредиттері мен бағалары көрсетілген тиісті кезеңде өтілген пәндердің тізбесі бар құжат;

36) **тьютор** – студенттің нақты пәнді игеруі бойынша академиялық кеңесші рөлін атқаратын оқытушы;

37) **эдвайзер** (Advisor) – тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгерінің қызметін атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы;

38) **элективтік пәндер** – белгіленген кредит шеңберінде және білім беру ұйымы енгізетін таңдау бойынша, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін әлеуметтік-экономикалық дамытудың ерекшеліктерін және нақты өңірдің, жоғары оқу орындарында ғылыми мектеп пайда болатын қажеттіліктерін есепке алатын компонентке кіретін оқу пәндері.

39) **дипломдық жұмыс** – білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес студенттің өзекті проблеманы өз бетінше зерделеу нәтижелерін жинақтауды білдіретін бітіру жұмысы;

40) **дипломдық жоба** – жобалау элементтерін қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды және басқа да жобаларды дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді дербес шешуді білдіретін студенттің бітіру жұмысы;

41) **синхронды оқыту** – тыңдаушылар мен оқытушылар арасындағы өзара іс-қимыл нақты уақыт режимінде өтетін онлайн-оқытудың бір түрі. Тыңдаушылар ақпарат ала алады, онымен өз бетінше немесе топтарда жұмыс істей алады, оны кез-келген жерден бір уақыт аралығында басқа қатысушылармен және оқытушылармен талқылай алады;

42) **асинхронды оқыту** – білім немесе дағдыларды беру үрдісі белгілі бір орын мен уақытқа байланысты емес оқыту форматы;

43) **аралас оқыту** – бұл ЖЖОКБҰ білім беру порталында орналастырылған арнайы электрондық оқу материалдарын пайдаланатын дәстүрлі күндізгі оқытуды онлайн оқытумен үйлестіру негізінде білім беру үдерісін ұйымдастыру;

44) **тәңкерілген оқыту** – бұл оқыту моделі, онда оқытушы онлайн режимінде өз бетінше оқуға арналған дәріс материалын ұсынады, ал күндізгі сабақта материал практикалық бекітіледі. Студенттер өз бетінше бейнедәрістер арқылы білім алады және өзін-өзі тексеруге арналған тест

тапсырмаларын орындайды. Материалды өз бетінше оқығаннан кейін студенттер күндізгі сабақтарда дәріс мазмұнын талқылап, үйде алған білімдерін іс жүзінде қолдана алады, оқытушымен кеңеседі;

45) **оқытуды басқару жүйесі (LMS)** – электрондық оқытуды, виртуалды сыныптар мен онлайн-курстарды қоса алғанда, барлық оқу іс-шараларын жоспарлау, өткізу және басқару үшін жоғары деңгейлі, стратегиялық шешім;

46) **цифрлық білім беру ресурстары (ЦББР)** – бұл интерактивті нысанда оқытуды қамтамасыз ететін оқытылатын пәндер және (немесе) модульдер бойынша дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнефрагменттер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалды шындық және интерактивті модельдеу объектілері, дыбыс жазбалары және өзге де цифрлық оқу материалдары.

Оқытудың кредиттік технологиясын пайдалану арқылы оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

- 1) білім көлемін біріздендіру;
- 2) оқытуды барынша дараландыру үшін жағдай туғызу;
- 3) білім алушылардың өзіндік жұмыстарының рөлі мен тиімділігін күшейту;
- 4) білім алушының оқудағы жетістіктерін оларды тиімді және ашық бақылау рәсімдері негізінде анықтау болып табылады.

Оқытудың кредиттік технологиясы мыналарды қамтиды:

- 1) әр пән бойынша студенттер мен оқытушылардың еңбек шығынын және академиялық жұмыстың басқа түрлерін бағалау үшін академиялық кредит жүйесін енгізу;
- 2) студенттердің ЖОЖ-дарын қалыптастыруда олардың тікелей қатысуын қамтамасыз ете отырып, ЭПК құрамына кіретін пәндер мен (немесе) модульдерді таңдау еркіндігі;
- 3) жоғары оқу орындарына пәндерге тіркелу кезінде студенттердің оқытушының таңдау еркіндігі;
- 4) студенттердің білім траекторияларын таңдауына көмектесетін эдвайзерлерді оқу процесіне тарту;
- 5) оқытудың интерактивті әдістерін қолдану;
- 6) білім беру бағдарламасын игеруде студенттердің өзіндік жұмыстарын жандандыру;
- 7) оқу процесін ұйымдастыруда, білім беру бағдарламаларын қалыптастыруда деканат пен кафедралардың академиялық еркіндігі;
- 8) оқу процесін ұйымдастыруда оқытушының академиялық еркіндігі;
- 9) оқу процесін қажетті оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету;
- 10) білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың тиімді әдістері;
- 11) әр оқу пәні бойынша және оқу жұмысының басқа түрлерінде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін балдық-рейтингтік жүйені қолдану.

3. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібі

3.1 Оқытудың кредиттік технологиясындағы білім берудің оқу бағдарламалары және оқу жоспарлары

3.1.1. Білім беру мазмұнын жоспарлау, оқу процесін ұйымдастыру және өткізу әдісі оқытудың кредиттік технологиясы негізінде жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламаларының мазмұны тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен белгіленеді және оқу жоспарлары мен бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Техникалық және кәсіптік бағдарлама немесе орта білімнен кейінгі бағдарлама немесе жоғары білім бағдарламасы негізінде немесе жеделдетілген оқу мерзімімен жоғары білімнің қысқартылған білім беру бағдарламалары аясында оқуға арналған, жалпы орта білім беру бағдарламасы негізінде оқитын студенттерге арналған академиялық кредиттер саны мен жоғары білім беру бағдарламасының талап етілетін көлемін, формальды білім берудің бұрын қол жеткізілген нәтижелерін ескере отырып, институт өзі анықтайды. Студенттерге алдыңғы деңгейде игерілген академиялық кредиттерді қайта есептеу үшін (бұрын қол жеткізілген оқу нәтижелері), жеделдетілген оқу мерзімімен білім беру бағдарламалары үшін институтта ректордың бұйрығымен комиссия құрылады.

3.1.2. Институтта оқу жоспарлары үш нысанда әзірленеді:

- 1) жеке оқу жоспарлары (ЖОЖ);
- 2) оқу жұмыс жоспарлары (ОЖЖ);

3.1.3. Оқу жоспарларының барлық нысандарында әрбір оқу пәніне әріптік және сандық белгілердегі тиісті кодты беруді қарастыратын пәндерін кодтаудың бірыңғай жүйесі пайдаланылады.

3.1.4. ОЖЖ-да әрбір оқу пәнінің тізбесі және міндетті компонент пен таңдау бойынша компоненттегі еңбексыйымдылығы кредиттермен, оларды оқыту тәртібімен, оқу сабақтарының түрі және бақылау нысандарымен анықталады.

3.1.5. ОЖЖ-ны оқу жылына әзірленеді және Ғылыми кеңестің шешімі негізінде ректор бекітеді.

ОЖЖ оқытушының оқу жұмысының еңбексыйымдылығын есептеу үшін негіз болып табылады.

3.1.11. ОЖЖ және ЖОЖ, ЭПК нысанын, құрылымын және әзірлеу тәртібін білім беру ұйымы дербес айқындайды.

3.1.6. Әр ББ бойынша институт элективті пәндер каталогін (бұдан әрі - ЭПК) әзірлейді.

ЭПК білім алушыларды жеке білім траекториясын қалыптастыру үшін элективті оқу пәндерін балама таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

3.1.7. ЭПК-те әр академиялық пәннің пререквизиттері мен постреквизиттерін көрсетіледі. ЭПК-ті қалыптастыру жұмыс берушілермен

келісу бойынша жүзеге асырылады.

3.1.8. Білім беру бағдарламасы мен ЭПК негізінде білім алушылар эдвайзерлер көмегімен ЖОЖ-дарды жасайды. ЖОЖ әр білім алушының жеке білім траекториясын бөлек анықтайды. ЖОЖ міндетті компонент (МК), ЖОО-лық компонент (ЖК) және таңдау компоненті (ТК) пәндері мен оқу әрекетінің түрлерін (практикалар, қорытынды аттестаттау нысандары) қамтиды.

3.1.9. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім негізінде қысқартылған оқу мерзімі бар білім беру бағдарламаларының білім алушылары:

1) оқу нәтижелеріне байланысты өзінің жеке оқу жоспарын жасайды, білімнің алдыңғы деңгейіндегі пререквизиттерді игереді, оны ЖОО міндетті түрде қайта есептейді және оның транскриптіне қосады;

2) институт қолданыстағы білім беру бағдарламасының негізінде дербес анықтайтын қысқартылған оқу мерзімі және білім беру бағдарламасының көлемі бар.

3.1.10. ЖОЖ-дарды институт деканы үш дана етіп бекітеді: біреуі деканатта сақталады және білім алушылардың кәсіптік оқу бағдарламасын игеруі мен орындауын бақылау үшін негіз болады, екіншісі аралық аттестаттау үшін Тіркеу бөліміне тапсырылады, үшіншісі білім алушыға беріледі.

ЖОЖ-ды құрастыру кезінде білім алушылар:

1) оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелерімен танысады;

2) оқу пәндерін және ЖОЖ-ға енгізілген өзгерістерді тіркеу мерзімдерін сақтайды;

3) тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламасын әзірлеуге арналған оқу жылындағы көрсетілген кредиттер санынан кем емес

3.1.11. ЭПК, ЖОЖ, ОЖЖ нысанын, қалыптастыру және бекіту тәртібін Институт дербес анықтайды.

3.1.12. Әрбір оқу пәні бір академиялық кезеңде оқытылады және қорытынды бақылаумен аяқталады. Оқу пәнінің мазмұны үлгілік оқу бағдарламаларымен (ЖБП пәндері) және жұмыс оқу бағдарламаларымен (силлабустармен) айқындалады.

3.1.13. Оқу процесін кредиттік технология бойынша ұйымдастырған кезде әр оқу пәнінің көлемі академиялық кредиттердің бүтін санынан тұрады. Сонымен қатар пән бойынша кем дегенде 5 академиялық кредит бағаланады.

3-4 академиялық кредит бойынша пәнді бағалауға рұқсат етіледі.

3.1.14. Дене шынықтыру, тілдерді қоспағанда, әр пәннің қайталанбайтын атауы бар.

3.1.15. Үлгілік оқу бағдарламалары (бұдан әрі - УОБ) Заңның 5-бабының 5-2) тармақшасына сәйкес бакалавриатта ЖМП циклінің міндетті компонентінің пәндері бойынша жасалады.

3.1.16. Жұмыс оқу бағдарламалары (оқу жоспарлары) білім беру бағдарламасының барлық пәндері бойынша білім беру ұйымымен дербес

жасалады.

Оқу жұмыс бағдарламаларын (оқу жоспарларын) құру, бекіту нысанын, құрылымын, тәртібін Институт дербес анықтайды.

3.1.17. Бір модульдің көлемін білім беру ұйымы дербес анықтайды және екі немесе одан көп академиялық пәндерді немесе бір немесе бірнеше пәндерді басқа оқу жұмысы түрлерімен үйлестіре қамтиды.

3.1.18. Кәсіптік практикалар, қорытынды аттестаттау білім беру бағдарламасының тиісті модульдеріне енгізілген. Бұл ретте кәсіби практиканың әр түрі әртүрлі модульдерге жатады.

3.1.19. Техникалық және кәсіптік білімнің, орта білімнен кейінгі білімнің «бастапқы» білім беру бағдарламалары негізінде, егер жоғары білімнің білім беру бағдарламасының бейіні техникалық және кәсіптік білімнің немесе орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламасына сәйкес келсе, формальды білімнің алдыңғы деңгейіндегі оқу нәтижелері автоматты түрде танылады және оқу мерзімі қысқарады.

3.1.20. Егер білім беру бағдарламасының бейіні сәйкес келмесе, оқу толық білім беру бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

Егер оқу нәтижелері пререквизиттер ретінде сәйкес келсе, алдыңғы білім деңгейіндегі жеке пәндер, сондай-ақ тиісті деңгейдегі формальды емес білім берудің нәтижелері қайта есептеледі.

3.1.21. Институт білім беру процесін ақпарат көздерімен толық қамтамасыз етеді: оқулықтар, оқу құралдары, әдістемелік құралдар және оқу пәндері бойынша әзірлемелер, белсенді жұмыс бойынша нұсқаулықтар және өздік жұмыстарға арналған нұсқаулықтар, электрондық оқулықтар, Интернет-ресурстарға қол жетімділік.

3.1.22. Оқу жылының басында Институттың әр студенті оқудың барлық кезеңіне арналған анықтамалық-жолсілтегішпен қамтамасыз етіледі.

4. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісі

4.1. Институтта бір оқу жылының ішінде оқу процесін ұйымдастыру Ғылыми кеңестің шешімі негізінде ректор бекіткен академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады. Академиялық күнтізбеде оқу кезеңдерін, аралық және қорытынды аттестаттауды, кәсіптік практиканы және оқу жылындағы оқу жұмысының басқа түрлерін, демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелер) көрсетіледі. Академиялық күнтізбеге сәйкес барлық білім беру бағдарламалары бойынша оқу жылына арналған оқу үдерісінің кестелері жасалады.

4.2. Оқу жылы академиялық кезеңдерден, аралық аттестаттаудан (емтихан сессиясы), демалыстар мен практикадан тұрады. Бітіру курсында қорытынды аттестаттау кезеңі оқу жылына енгізіледі.

4.3. Институттағы оқу жылы 1 қыркүйектен басталып, академиялық күнтізбеге сәйкес аяқталады. Әр оқу жылының ұзақтығы мен күндері Институттың академиялық күнтізбесінде көрсетілген (оқу және бақылау іс-шараларының күнтізбесі, оқу жылындағы практика, демалыс, демалыс және

демалыс күндерін көрсете отырып).

4.4. Әр академиялық кезең студенттерді аралық аттестаттау кезеңімен аяқталады.

Институттағы академиялық кезең 15 аптаға созылады.

Аралық аттестаттаудың ұзақтығы кемінде 1 апта болады.

4.5. Студенттерге демалыс әр академиялық кезеңнен кейін беріледі, ал оқу жылындағы демалыс уақыты кемінде 7 апта.

4.6. Институтта қосымша оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру, академиялық қарызды немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жою, басқа білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың пәндерді оқу және кредиттерді игеруі, оларды өз жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім ұйымында міндетті түрде қайта есептеуі, іргелес немесе қосымша білім беру бағдарламасын, орташа GPA үлгерім балын жоғарылату, қос дипломды білім беру аясында (бар болса), игеруі үшін кем дегенде 6 аптаға созылатын жазғы семестрді (бітіруші курсты қоспағанда) ұйымдастырылады.

4.7. Оқу жұмысының көлемін жоспарлау кезінде бір академиялық кредит оның барлық түрлері үшін 30 академиялық сағатқа тең болады деп есептеледі. Оқу жұмысының барлық түрлері үшін бір академиялық сағат 50 минутты құрайды.

4.8. Бір қазақстандық академиялық кредиттің еңбек өнімділігі (30 академиялық сағат) 1 ECTS несиесіне сәйкес келеді (25-30 академиялық сағат).

4.9. Теориялық дайындықты және аралық аттестаттауды жоспарлау кредиттерін бір көлемімен жүзеге асырылады, әр пән бойынша кредиттердің жалпы саны оны оқып-үйренуді де, осы пән бойынша аралық аттестаттау нысандарын дайындауды және өткізуді де қамтиды.

4.10. Әр пән бір академиялық кезеңде оқытылады және қорытынды бақылаумен аяқталады.

4.11. Профессорлық-оқытушылық құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау академиялық сағатпен жүзеге асырылады. Бұл жағдайда аудиториядағы оқу жүктемесі 1 академиялық сағат 50 минутты құрайтын норма негізінде есептеледі. Оқу жұмысының басқа түрлеріне педагогикалық жүктеме уақыт нормаларына сәйкес есептеледі.

4.12. Аудиториялық жұмыстың бір академиялық сағаты 50 минутты құрайды. Оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау академиялық сағатпен жүзеге асырылады. Бұл жағдайда аудиториядағы оқу жүктемесі 1 академиялық сағат 50 минутты құрайтын норма негізінде есептеледі. Оқу жұмысының басқа түрлеріне арналған педагогикалық жүктеме институт бекіткен уақыт нормалары негізінде есептеледі. Практиканың барлық түрлерінің бір академиялық сағаты, білім алушыларды қорытынды мемлекеттік аттестаттау 50 минутқа тең.

4.13. Кәсіптік практика білім алушылардың оқу жұмысының міндетті түрі болып табылады.

Кәсіби практиканың негізгі түрлері - оқу, педагогикалық, өндірістік

және дипломалды.

Оқу процесін ұйымдастыру кезінде кәсіби практиканы академиялық кезеңнен бөлек, сонымен қатар академиялық кезеңмен қатар жүргізуге рұқсат етіледі.

Кәсіби практиканың нәтижелері аралық аттестаттау нәтижелерін шығару кезінде ескеріледі.

Практика ұзақтығы 30 сағатқа тең (аптасына 5 күндік жұмыс аптасымен 6 сағат) практикадағы студенттің қалыпты жұмыс уақыты негізінде апта сайын анықталады.

4.14. Практиканың барлық түрінен 1 кредит көлемі - 1 апта. Дипломдық жұмысты дайындау және қорғау немесе кешенді емтихандарды тапсыру үшін 6 апта (12 кредит) беріледі.

4.15. Академиялық лектер мен топтар осы пән бойынша оқитын білім алушылардың жеткілікті саны және олардың рентабельділігінің жеткілікті деңгейіне жету деңгейінде қалыптасады.

Академиялық лек пен топтың толықтығын білім беру ұйымы дербес анықтайды.

4.16. Тіркеу бөлімі білім алушыларды қабылдауды ұйымдастырады. Сонымен қатар студенттерге қолдау көрсету қызметі мен эдвайзерлер студенттерге әдістемелік және кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыруға қатысады.

4.17. Білім алушы ЖОО компоненті мен таңдау компоненті шеңберіндегі жеке оқу траекториясын анықтаған кезде:

- 1) негізгі білім беру бағдарламасындағы пәндерді;
- 2) қосымша білім беру бағдарламасына арналған пәндерді.

4.18. Негізгі білім беру бағдарламасындағы пәндерді таңдау және игеру тәртібі пререквизиттердің болуын ескере отырып жүзеге асырылады.

Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдау және игеру тәртібі аралас немесе бейінді ББ бойынша қосымша құзыреттіліктер алу, сонымен қатар білім алушының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жүзеге асырылады.

4.19. Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша таңдалған пәндер көлемін дербес белгілейді. Сонымен қатар, қосымша ББ пәндерін білім алушылар ЖК және КВ пәндері аясында оқиды және олардың көлемі негізгі ББ-ға тиісті дәреже немесе біліктілік тағайындау үшін қажетті академиялық кредиттердің жалпы санына қосылады.

4.20. Оқу пәндеріне жазылу процесінде білім алушылар өздерінің ЖОЖ-дарын қалыптастырады. Сонымен қатар, олар:

1) оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелерімен танысады;

2) оқу пәндерін және ЖОЖ-ға енгізілген өзгерістерді тіркеу мерзімдерін сақтайды;

3) игерілген пререквизиттерді ескере отырып, тақырып бойынша жазылады.

4.21. Студенттердің оқу жетістіктері (білімі, қабілеттері, дағдылары мен

құзыреттері) сандық эквивалентімен халықаралық деңгейде қабылданған әріптік жүйеге сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша бағаланады (оң баға, төмендеу бойынша, «А» -дан «D» -ге дейін, және «қанағаттанарлықсыз» - «FX», «F»,) және дәстүрлі жүйе бойынша бағалау (2-қосымша).

4.22. «FX» «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған кезде Институттың академиялық күнтізбесіне сәйкес қорытынды бақылауды (емтиханды) оқу пәнінің (модульдің) бағдарламасын қайта өтпей бір реттен артық емес қайта тапсыруға жол беріледі.

«F» бағасына сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған жағдайда білім алушы осы оқу пәніне (модуліне) қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

Транскриптке білім алушы оқыған барлық оқу пәндері және (немесе) модульдер, FX және F бағаларын қоса алғанда, қорытынды бағаны көрсете отырып жазылады.

4.23. Білім беру бағдарламасын іске асыру сапасын арттыру және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында оқыту және қорытынды бақылау процестері бөлінеді.

4.24. Білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеуді жүзеге асыру, игерілген кредиттерді есепке алу, аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және білім алушылардың оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын жүргізу үшін Институтта Тіркеу бөлімі жұмыс істейді.

4.25. Білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттауды Тіркеу бөлімі ұйымдастырады. Тіркеу бөлімі студенттерді аралық аттестаттау нәтижелерін және олардың талдауларын үнемі қадағалап отырады.

4.26. Білім алушыға оқу пәндері (модульдер) және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша академиялық кредиттер беру, сонымен бірге жалпы ББ-ны оқу аяқталғаннан кейін, ол қол жеткізген оқу нәтижелерін оң бағалаумен жүзеге асырылады.

4.27. Оқытудың қол жеткен нәтижелері және білім алушының алдыңғы білім деңгейлерінде және басқа да формальды білім беру ұйымдарында алған оң бағалары ЖОО-ның академиялық кредиттерді қайта есептеуімен дербес танылады.

4.28. Ауыстыру, қайта қабылдау, оқу нәтижелері, білім алушының оң бағалары академиялық кредиттерді бір ББ-дан басқасына, бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына ауыстыру арқылы мойындалады.

4.29. Формальды және формальды емес (егер бар болса) білім алу кезінде білім алушылар алған барлық академиялық кредиттер мен оқу нәтижелері өмір бойы жинақталады.

4.30. Оқытудың кредиттік технологиясы кезінде білім алушылардың өзіндік жұмысы екіге бөлінеді: оқытушының (ОБӨЖ) жетекшілігімен орындалатын өзіндік жұмыс және толықтай өз бетінше орындалатын бөлік (БӨЖ).

БӨЖ-дің барлық көлемі студенттің күнделікті өзіндік жұмысын талап

ететін тапсырмалармен расталады.

4.31. Білім алушының оқытушымен және БӨЖ-бен барлық оқу іс-әрекеттері бойынша байланысы арасындағы уақыт арақатынасын ЖОО өзі анықтайды.

ОСӨЖ - бұл оқытушымен байланыста орындалатын білім алушылардың сабақтан тыс жұмыс түрі. ОСӨЖ жеке кесте бойынша орындалады, ол оқу сабақтарының жалпы кестесіне енбейді.

ОСӨЖ-ге оқу бағдарламасының, үй тапсырмасын орындаудың, курстық жобалардың (жұмыстардың), семестрлік жұмыстардың, есептердің және басқа БӨЖ тапсырмаларының күрделі мәселелері бойынша кеңестер кіреді.

4.32. Оқу жылының қорытындылары бойынша, жазғы семестрдің нәтижелерін ескере отырып, Тіркеу бөлімі білім алушының оқу жетістіктерінің орташа өлшенген бағасы ретінде үлгерімнің орташа балын (GPA) есептейді.

Институтта бір курстан екіншісіне ауысу үшін курстардың ауысу балы белгіленген - келесі курсқа ауысуға болатын ең төменгі орташа балл: екінші оқу жылына ауысу үшін - 1,7 балл, үшінші курсқа - кем дегенде 2,0 балл, төртіншісіне - 2,2 балл.

4.33. Курстың бағдарламасын толық көлемде аяқтаған, бірақ ауысу балын жинамаған білім алушыға үлгерімнің орташа балын (GPA) жоғарылату үшін жазғы семестрде (мемлекеттік емтихан тапсырылатын «Қазақстан тарихы» пәнін қоспағанда) ақылы негізде жекелеген пәндерді қайта оқу және олардан емтихандарды қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі.

4.34. Жазғы семестрдің нәтижелерін ескере отырып, оқу жылының қорытындылары бойынша ауысу балын жинамаған білім алушы қайта оқу курсына қалады.

Қайта оқу курсына қалған білім алушы бұрын қабылданған жеке оқу жоспарына сәйкес оқиды немесе жаңа жеке оқу жоспарын жасайды.

5. Академиялық ұтқырлықты, оның ішінде білім алушылардың халықаралық кредиттік ұтқырлығын ұйымдастыру

5.1. Академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету үшін білім алушылар басқа білім беру ұйымдарында, оның ішінде шетелде жекелеген пәндерді зерделейді.

Бұл ретте білім беру ұйымдарының арасында екіжақты шарт жасалады.

5.2. Басқа білім беру ұйымдарында алуан түрлі білім беру тәжірибелерінен пайда алу мақсатында "ұтқырлық терезелерінен" білім алушының басқа ЖОО-да игеріледі, оқу пәндері мен кредит көлемдері анықталады.

5.3. Білім алушылардың академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру, студенттерді іріктеу тәртібі Институт әзірлеген Еуразиялық гуманитарлық институты білім алушыларының, оқытушыларының және қызметкерлерінің академиялық ұтқырлығы туралы ережеде реттелген.

5.4. Бұл ретте, мемлекет деңгейінде қаржыландырылатын

бағдарламалар шеңберінде академиялық ұтқырлыққа қатысуға жіберу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5499 болып тіркелген) бекітілген Шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидалары аясында жүзеге асырылады.

5.5. Халықаралық кредиттік ұтқырлыққа қатысу үшін қабылдаушы білім беру ұйымы қарастырған деңгейде шетел тілін білуі тиіс.

5.6. Ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушының оқуын растайтын қорытынды құжат транскрипт немесе болған елдегі оның баламасы болып табылады.

Транскриптке оқыту бағдарламасы туралы мәліметтер: пәндердің (модульдің) атаулары, бағалар, игерілген академиялық кредиттердің саны енгізіледі.

5.7. Білім алушы академиялық ұтқырлық шеңберінде толық көлемде игерген және транскриптпен расталған оқыту нәтижелерін ЖОО міндетті тәртіпте қайта есептейді.

6. Бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру тәртібі

6.1. Бірлескен білім беру бағдарламасы – екі немесе одан да көп университеттер бірлесіп әзірлейтін және жүзеге асыратын білім беру бағдарламасы. Бұл ретте академиялық пәндердің бір бөлігін серіктес университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы оқытады деп болжанады. Бұл шартты жүзеге асыру формалары әртүрлі болуы мүмкін: студенттердің ұтқырлығы, мұғалімнің ұтқырлығы, қашықтықтан оқыту немесе осы формалардың жиынтығы.

6.2. Бірлескен білім беру бағдарламалары екі әріптес ЖОО арасындағы келісім негізінде әзірленеді.

Бұл ретте, бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асырудың міндетті шарттары:

- 1) келісілген білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен бекіту;
- 2) келісілген білім беру бағдарламаларына қосылған білім алушының білім беру бағдарламасының бөлігін әріптес ЖЖОКБҰ игеруі;
- 3) сапаны қамтамасыз етудің уағдаластықтары, жалпы принциптері мен стандарттары негізінде оқыту кезеңдері мен нәтижелерін міндетті түрде тану және автоматты түрде қайта санау
- 4) оқытушылардың бірлескен білім беру бағдарламаларына тартылуы, білім беру бағдарламаларын бірігіп әзірлеуі;
- 5) бірлескен білім беру бағдарламасын меңгерген студенттерге келісімдер негізінде сертификат беріледі.

6.3. Білім алушыны бірлескен білім беру бағдарламасына қосу оның өтініші негізінде және әріптес ЖОО-мен жасалған келісімге (шартқа) сәйкес жүзеге асырылады.

Білім алушылар әріптес ЖОО-ға қабылдау рәсімдерінен өтеді.

6.4. Білім алушының жеке оқу жоспары оқу пәндерінің тізбесін, олардың еңбек сыйымдылығын (кредит және сағат түрінде), семестрлер, игерілетін әріптес жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары бойынша бөлуді, қайта есептеу тәртібін қамтиды.

6.5. Бірлескен білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарын және әріптес ЖОО талаптарын ескереді.

Екі тараптың білім беру бағдарламалары пәндерінің тізбесі білім алушының жеке оқу жоспарын жасау кезінде ескеріледі. Сонымен қатар білім алушы практиканың барлық түрлерін және қорытынды аттестаттауды толық көлемде өтеді.

6.6. Бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша оқыту кезінде түрлі оқыту технологиялары, оның ішінде қашықтықтан оқыту технологиялары пайдаланылуы мүмкін.

6.7. Оқуды аяқтағаннан кейін және бірлескен білім беру бағдарламасының барлық талаптарын орындағаннан кейін келісімдер негізінде сертификат беріледі.

Институттың Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2018ж. 30 қарашадағы мәжілісінде қаралып, мақұлданды (№112 хаттама)

ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182, 2020 жылғы 18 мамырдағы № 207 бұйрықтарына байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (2020 жылғы 10 тамыздағы № 162 бұйрық).

Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің нормативтік құжаттарына өзгерістер енгізілуіне байланысты (ғылым және жоғары білім Министрінің 19.01.2023 № 21, 20.01.2023, № 22, 20.01.2023, № 23 бұйрықтары) институттың Ғылыми кеңесінің 2023 жылғы 30 наурыздағы шешімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (№8 хаттама).

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласы және ECTS (иситиэс) аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Балдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	